

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ  
ПАРЛАМЕНТІ МӘЖІЛІСІНІҢ  
Д Е П У Т А Т Ы



Д Е П У Т А Т  
МАЖИЛИСА ПАРЛАМЕНТА  
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

010000, Астана, Парламент Мәжілісі  
20 \_\_ жылғы «\_\_» \_\_\_\_\_  
№ \_\_\_\_\_

010000, Астана, Мажилис Парламента  
«\_\_» \_\_\_\_\_ 20 \_\_ года

2024 жылғы 28 ақпанда жарияланды

Қазақстан Республикасының  
Премьер-министрі  
О.А.Бектеновке

## ДЕПУТАТТЫҚ САУАЛ

Құрметті Олжас Абайұлы!

Биыл еліміз бойынша бюджет тапшылығы болу қауіп-қатері жоғары. Бүгіннің өзінде, бюджетті толтыру бойынша көрсеткіштер көңіл көншітпейді.

Еліміздің биылғы шығыны – 24 трлн теңге. Оның 16,5 трлн теңгесі табысымыз, 3,6 трлн теңгені Ұлттық қордан аламыз, 4 трлн теңге құнды қағаздарды шығарудан түсіп отыр.

Яғни тапшылық 7,5 трлн. теңгені құрап отыр.

Өз кезегінде, уәкілетті органдар «асықпай арбамен қоян аламыз» деп жүргенде, арбамыздың дөңгелегі сына ма деп қатты алаңдаймыз.

Сөздің ашығын айтқанда, «бас жарылса бөрік ішінде» деп жүре беретін заман келмесе кеткен.

Алдымен, квазимемлекеттік сектордың таза пайдасын бюджетке беретін уақыт келді. Осы секторға жақсы аналитикалық талдау жасап, дұрыс жолға қойса, Қазынамызға ең кемі 3 трлн. теңге түсіруге болады. Бұл бір.

Екіншіден, квазимемлекеттік сектордың сатып алу жүйесі мен механизмдерінде әлі де ашықтық жоқ.

Сондай-ақ, көптің сұрағы: «Ұлттық компанияларға құны 1,6 миллиард теңге болатын чартерлік рейстер неге қажет»?

Келесі мәселе, салық жеңілдіктерінің тиімділігін арттыру және олардың санын оңтайландыру.

Мемлекет басшысы 2023 жылғы Жолдауында «Салық жеңілдіктерін беру тәртібін реттеу қажет. Жиналмаған салық – салынбай қалған ауруханалар, мектептер мен жолдар деген сөз. Салық жеңілдігін сын көзбен зерделеп, оның көлемін кем дегенде 20 пайызға қысқарту қажет», – деген болатын.

Мемлекеттік кірістер Комитетінің деректері бойынша қолданылған салық

жеңілдіктер сомасы **2022 жылы - 9,5 трлн. теңге болған. Бұл бюджетке түспеген қаржы.**

Басты кемшілік - **жеңілдіктердің саны мен құрылымы пысықталмаған және жеңілдіктер белгісіз мерзімге, ешқандай мақсатты индикаторларсыз енгізілгенін.**

Салық кодексіндегі **жеңілдіктердің саны - 485.** Бұл дегеніміз едәуір көп. Біз алдымен **30% қысқартсақ, шамамен бюджетке 1,3 трлн.теңгеге дейін қаражат түсіруге** болады. Мұны тереңірек зерделесек болашақта **50%** жеткізуге болады.

Расымен, кейбір салықтық жеңілдіктер тиімділіктерін көрсетпей жатыр. Кәсіпкерлер жеңілдік алса да, өнімнің бағасын түсірмей отыр.

Мысалы, дәрілік заттар мен медициналық бұйымдарды сату және импорттау айналымы **қосымша құн салықтан** (бұдан әрі - ҚҚС) (НДС) босатылған.

Бірақ, осы салықтан **босату – дәрілер мен медициналық бұйымдардың бағасының түсуіне әсер етпеген.**

Осы ретте, мемлекет беретін жеңілдік іс жүзінде импорттаушылар мен сатушылардың коммерциялық мүдделеріне **ықпал етеді, ал бюджетке кіріс келтірмей отыр.**

Сонымен қатар, кейбір **құрылыс компаниялары ҚҚС** бойынша босатылған, айналым сомасы болса миллиардтаған қаражаттарды құраған.

Бір қызығы осы жеңілдетуге қарамастан, ірі компаниялар тұрғын үйдің бір шаршы метрінің бағасы орташа республикалық деңгейден жоғары деңгейде сатылып жатырғаны баршаға аян.

Өз кезегінде, тұрғын үйдің бағасы нарықтың тартымдылығы **жеңілдіктердің** болуына немесе болмауына байланысты емес, **тек сұранысқа байланысты** болып тұр.

Осыған байланысты, салықтық жеңілдікті **әлеуметтік немесе мемлекеттік бағдарламалар бойынша** көп пәтерлі тұрғын үй кешенін іске асыру кезінде ғана пайдалануымыз қажет.

Көбіне, жеңілдіктердің негізгі алушылары - **ірі компаниялар** болып табылады.

Ал, әлемдік экономика сарапшылары Қазақстандағы **салық жеңілдіктері тым жомарт деген баға берген.** Дамыған елдерде, **салықтық жеңілдіктер** инвесторларды **тартатын, қызықтыратын** аса бір қажетті тармақ болып саналмайды.

Сондықтан, *осы айтылғандарды негізге алып,* келесі мәселелерді қарастыруды ұсынамыз:

1. Салықтық жеңілдіктерге толық ревизия жасап, шетелдік тәжірбиені қарап, алдымен **30%-дан астамын қасқарту қажет.** Яғни, **150-ге жуық түрін қысқарту.**

2. Ұлттық қордан қайта-қайта қомақты қаржы алмау үшін жиналған қаржыны тиімді басқару процесін жетілдіріп, **квазимемлекеттік сектордың таза пайдасын 100% бюджетке беру.**

3. Ұлттық компаниялардың, әсіресе Самұрық-Қазына қорындағы тендерлерді – **бірыңғай мемлекеттік сатып алу жүйесіне көшіріп,**


мемлекеттік сатып алу Заңының қолданылу аясына ауыстыру қажет. Сонда ғана 100 пайыз ашықтық пен әділеттілікті қамтамасыз ете аламыз.


Депутаттық сауалға заңда белгіленген мерзімде жауап беруіңізді сұраймыз.

**Құрметпен,**

**«AMANAT» партиясы  
фракциясының депутаттары**

**М. Жайымбетов  
Е. Жаңбыршин  
Ә. Жұбанов  
С. Мұсабаев  
М. Ергешбаев  
Ұ. Сәдібеков  
Е. Әбіл**

 *Намазбаев К.*

 74-67-84